

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға 2018-2022 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 107-246 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 наурызда № 1209 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына, "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 болып тіркелген) сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға 2018-2022 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – мемлекеттік білім беру тапсырысы) қосымшаға сәйкес;

3) "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) – "360 057 000 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі болып бекітілсін.

2. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының көшірмесін мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Астана қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

4) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А.К. Әмринге жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласының әкімі

Б. Сұлтанов

Астана қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 14 ақпандағы
№ 107-246 қаулысына
қосымша

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға 2018-2022 оқу жылдарына арналған мамандықтар бөлінісінде мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі

Р/с №	ЖОО атауы	Мамандық коды	Мамандықтар	Бөлінген мемлекеттік білім беру тапсырысы	
				Жоғары білім бойынша	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бойынша
1	2	3	4	5	6
1.	"Еуразия гуманитарлық институты" жоғары білім беру мекемесі	5B010200	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	40	-
		5B010100	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	36	-
2.	"Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	5B010100	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	20	-
		5B010500	Дефектология (сурдопедагог)	20	-
		5B071900	Радиотехника, электроника және телекоммуникация-лар (инженер-электроншы)	6	-
		5B072900	Құрылыс (құрылыстағы 3D баспа жобалаушысы)	3	-
		5B130100	Жалпы медицина (педиатор-дәрігер реабилитолог, неонатолог, суицидолог)	37	-

3.	"Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	5B010200	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	39	-
		5B113000	Биология (ағылшын тілінде оқыту құқығымен)	17	-
		5B010500	Дефектология (логопед)	17	-
4.	"Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	5B010100	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	54	-
		5B011800	Орыс тілі мен әдебиеті	4	-
		5B010900	Математика (ағылшын тілінде оқыту құқығымен)	10	-
		5B070400	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (бағдарламашы)	4	-
		5B070300	Ақпараттық жүйелер (компьютерлік жүйелерді әзірлеуші және талдаушы)	7	-
		5B075200	Инженерлік жүйелер мен желілер (газбен қамту жабдықтарын пайдалану және монтаждау жөніндегі инженер-техник)	8	-
		5B072900	Құрылыс (құрылыстағы 3D баспа жобалаушысы)	2	-
		5B070200	Автоматтандыру және басқару (КИПиА инженері)	3	-
		5B090100	Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру (логистика маманы)	10	-
		5B042000	Сәулет (BIM-менеджер жобалаушы)	39	-
		5B042100	Дизайн (Web-дизайн, ландшафт дизайны)	34	-
		5B050400	Журналистика	31	-
		5B090200	Туризм	25	-
5.	"Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	5B010200	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	15	-
		5B010100	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	15	-
		5B072900	Құрылыс (құрылыстағы 3D баспа жобалаушысы)	4	-
		5B010200	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	12	3

6.	"Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	5B010500	Дефектология	25	-
		5B070300	Ақпараттық жүйелер (компьютерлік жүйелерді әзірлеуші және талдаушы)	10	-
		5B042100	Дизайн (Web-дизайн)	20	-
7.	"С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті" акционерлік қоғамы	5B070400	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (бағдарламашы)	21	-
		5B070300	Ақпараттық жүйелер (компьютерлік жүйелерді әзірлеуші және талдаушы)	10	-
		5B071900	Радиотехника, электроника и телекоммуникация-лар (инженер-электроншы)	20	-
		5B090100	Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру (логистика маманы)	10	-
		5B042100	Дизайн (ландшафт дизайны)	20	-
8.	"Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті" мекемесі	5B010200	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	5	8
9.	"Тұран-Астана" университеті" мекемесі	5B070400	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (бағдарламашы)	10	-
10	"М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы" акционерлік қоғамы	5B090100	Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру (логистика маманы)	20	-
11	"Алматы Менеджмент Университеті" білім беру мекемесі	5B070300	Ақпараттық жүйелер (Business analytics and Big data)	14	-
		5B050700	Менеджмент (кәсіпкерлік саласындағы бизнес әкімшілік)	34	-
12	"Астана" медициналық университеті" акционерлік қоғамы	6R110500	Аллергология және иммунология	-	2
		6R113500	Травматология және ортопедия	-	4
Жиыны: 748				731	17